

"Ақтөбе облысы білім басқармасы Мәртөк аудандық білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
"Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің мемлекеттік
аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктерді
жою жұмыстары жөніндегі
АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 59-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы 3 қарашадағы "Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі" КММ аттестаттау қорытындысы туралы" аттестаттау комиссиясының №100 хаттамалық шешіміне сәйкес, мектепте комиссия құрылып 05.11-09.01 аралығында кемшіліктер мен ескертулерді жою және түзету бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.

Комиссия құрамы төмендегідей:

1. Есентаева Г.К. - мектеп директоры, комиссия төрайымы
2. Жаксылықова М.Қ.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, химия пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3. Серікбаева Ш.Х.- директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4. Хамзина Б.Н.-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
5. Шамгонов М.Қ. -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
- 6.Тұрсымбаева Н.Ж. -директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

1-ұсыным. Бағалау кезеңіне сәйкес, 0 Ә класы тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің жеке даму картасын ұсыну.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2.4 тармағы талабына сәйкес 0 "Ә" класы бойынша даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізгі болып табылатын жеке даму карталары сайтқа орналастырылды.

2-ұсыным. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы талаптарының орындалуын бақылау, шарасын алу және атқарылған жұмыстар бойынша мәліметін ұсыну.

Жолда жүру міндетті курсының орындалуы туралы ақпарат сайтқа салынды. Қателіктер жіберген Г.Қалиева мен Д.Канганованың №3 Сарыжар орта мектебіне ауысып кетулеріне байланысты шарасы алынбады. Сынып жетекшілерге журнал толтыру бойынша семинар өткізілді.

3-ұсыным. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың оқыту бойынша инклюзивті білім берудің талаптарын орындау туралы мәліметін ұсыну.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған сағаттар санына бекітілген педагог-қызметкерлерге жүктелген бұйрықтары, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу талаптарына сай педагог-дефектологтың, логопедтің жылдық жұмыс жоспарлары, жеке оқыту бағдарламалары мен қосымша сабақ

кестелері, педагогикалық -психологиялық сүйемелдеу қызметінің жұмысы салынды. 2022-2023,2023-2024 оқу жылдарындағы үйден оқытылған білім алушы ның №026/е нысанындағы “Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы” , үйден оқытуды ұйымдастыру туралы бұйрықтары, сабақ кестелері, дәлелдейтін құжаттары сайтқа орналастырылды.

4-Ұсыным. Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір рет арттырмаған/ растамаған педагогтердің уақытылы санатының деңгейін көтеруін қамтамасыз ету, (Жарекин А, Көпжасар М.Б., Нұржанов Б.А.) мәліметін ұсыну.

Өткен оқу жылындағы басшы кадрлардың барлығы дерлік түгелдей тамыз айында өз еріктерімен атқаратын лауазымдарынан босатылып, бүгінгі таңда әкімшілік құрам келесідей:

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер Т.А.Ә. Әкімші	Лауазымы	Пәні бойынша және басшылық біліктілік санаты бойынш (алған жылы күні,бұйрық №)	Педагогикалық еңбек өтілі (жалпы)	Басшылық лауазымы бойынша еңбек өтілі
Есентаева Гульназ Конуспаевна	Директор	Педагог-зерттеуші бұйрық №346 18.08.2025ж. Бірінші санатты басшы бұйрық № 435 02.09.2024ж.	15 жыл	1 жыл директор ретінде 9 жыл орынбасар ретінде
Жақсылықова Майра Қадырбекқызы		Педагог –сарапшы бұйрық №67 31.03.2024ж. Үшінші санатты басшының орынбасары бұйрық №617 10.12.2024ж.	17 жыл 4ай	11 жыл 4 ай
Серикбаева Шолпанай Хабибуллаевна	Директордың оқу іс жөніндегі орынбасары	Педагог-сарапшы Бұйрық №369 11.09.2023ж.	15 жыл 10 ай	1 жыл 9 ай
Хамзина Бибигуль Нуралиевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Педагог –сарапшы бұйрық № 487 20.10.2024ж. Үшінші санатты басшының орынбасары бұйрық 554 30.12.2020ж (Оқу- ағарту Министрлігінің хатына сәйкес 24.12.2025 жылғы №430 бұйрықпен ұзартылды)	23 жыл 4 ай	15 жыл 2 ай
Шамгонов Мейрамбек Қыдырұлы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі	Педагог – сарапшы бұйрық №і,ұ 11.09.2023ж.	21 жыл 3 ай	4 ай

	орынбасары		
--	------------	--	--

Басшы кадарлардың ішінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Х.Серикбаева мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қ.Шамгоновтың басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өтпеген. Тағайындалған бұйрықтары сайтқа салынды. Ал Хамзина Бибигуль Нуралиевна “Үшінші санатты басшының орынбасары” санатын 30.12.2020ж бұйрық 554 негізінде алған. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ-нің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы және “Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитеті”РММ-нің 27.02.2025 жылғы №20-1-20-7/1551-И хатын негізге ала отырып 24.12.2025 жылғы №430 бұйрықпен 2026 жылғы тамыз айына дейін ұзартылды.

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған/растамаған педагогтер М.Б.Көпжасардың, А.Қ.Жарекиннің биылғы 2025 жылы “педагог-модератор” санатын алғандығын растайтын құжаттары, Б.А.Нуржанованың декреттік демалыста отырған педагогтің шығуына байланысты, жұмыстан босатылғандығы туралы бұйрығы салынды.

5-ұсыным. Әдістемелік ұсынымның 9-қосымшасындағы мәліметтерді ҰБДҚ-ғы мәліметтермен сәйкестендіру, ауыз сумен қамтылу бойынша мәліметті ұсыну

9-қосымшада бейнебақылау камералары туралы мәлімет ҰБДҚ-ғы мәліметтеріне сәйкес ұсынылды және ауыз сумен қамтылу туралы мәлімет дәлелдейтін суреттермен бірге сайтқа орналастырылды.

6-Ұсыным. Қорытынды аттестаттау бойынша емтихан хаттамаларын ҚР Білім және Ғылым Министрінің 2008жылғы 18наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес жүргізілуін қадағалау, шарасын алу, мәліметін ұсыну.

2022-2023 оқу жылының емтихан 9 а сыныбының орыс тілі мен әдебиеті, 11 А сыныбының география, қазақ тілі, Қазақстан тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, 11 а сыныбының қазақ тілі, алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, физика, биология пәндерінің емтихан хаттамалары мен 2024-2025 оқу жылындағы 9 а және б сыныптарының қазақ тілінен, 11 а, а, б сыныптарының Қазақстан тарихы пәндерінің емтихан хаттамалары сайтқа орналастырылды. Шарасы алынғандығы жөнінде бұйрық салынды.

7-ұсыным.Тоқсан бойынша жиынтық бағлау нәтижелерін ҚР Білім және Ғылым Министрінің 2008жылғы 18наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес жүргізілуін қадағалау, мектепшілік бақылауды жандандыру, шарасын алу, мәліметін ұсыну. Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, шараларын алу, мәліметін ұсыну.

2023-2024 оқу жылдарындағы BilimClass электронды журналы қатаң есептегі құжат болғандықтан тексеру барысында анықталған кемшіліктер түзетуге болмайтындықтан ұжыммен алдағы оқу жылдарында мұндай қателіктерді болдырмау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.

31.10.2024 № 321) бұйрығымен енгізілген өзгерістерге байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен мектеп ұжымына «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериялды бағалау талабы» тақырыбында оқу семинарын өткізілді. Семинарда журналды толтыру талаптары, бұйрыққа сәйкес жүргізілуі туралы ұсынымдар беріліп, ұжымға түсіндірілді. Мектепшілік бақылауға қойылып, педагогикалық кеңесте қаралды.

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:



Е.Р.Есентаева

М.Қ.Жақсылықова

Ш.Х.Серикбаева

Б.Н.Хамзина

М.Қ.Шамгонов

Н.Ж.Тұрсымбаева